

Ақтөбе қаласы «№30 қазақ орта мектебі КММ-нің кезектен тыс №13 педагогикалық кеңесінің хаттамасынан үзінді

Күні: 23-тамыз 2024 жыл

Қатысқандар: 84

Күн тәртібінде

1. «№30 қазақ орта мектебі» КММ-нің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмысын талқылау туралы.

Мектеп директоры И.Амитжанова

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры, комиссия төрағасы - И.Амитжанова: «№30 қазақ орта мектебі» КММ-нің 2024 жылдың 16-мамыр күнгі өткізілген кезектен тыс №8 педагогикалық кеңесі шешімі негізінде 20-мамыры мен 20-маусымы аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары өткізілді. Білім беру ұйымына өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 5-желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24-қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсыным басшылыққа алынды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы талаптарына сәйкес оқу –тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізілді.

Ұжым алдында өзін-өз бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді.

**Сөз алушылар:**

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі:

К.К.Сулейменова: өзін-өзі бағалау кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5-желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1,2-параграфтарының нақты бағыттары негізінде мектепалды кластардағы, 1-11 кластардағы жұмыстар зерделеніп, өзін-өзі бағалау жүргізілді:

**1-11 кластар бойынша:**

2-параграф. Бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

12 тармақ 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 тармақшалары

13 тармақ 1,2,3 тармақшалары

14 тармақ 1,2,3,4 тармақшалары

15 тармақ 1,2 тармақшалары

1 параграф Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары.

9 тармақ 1,2,3,4,5,6 тармақшалары

10 тармақ 1 тармақша

11 тармақ 1,2 тармақшалары

1. Тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/ растаған педагогтердің үлестері жеткілікті деңгейде.

2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақта кестелерінің болуы және үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі бойынша оқу жұмыс жоспарлары ұсынылып, сабақ кестелері kundelik.kz, bilimclass.kz электронды журналы арқылы қаралды. Талаптарға сай құрылған.

3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №155 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру бойынша kundelik.kz, bilimclass.kz электронды журналы арқылы күнтізбелік тақырыптық жоспарлардың орындалуы қаралды.

4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімде меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша бекітілген тәрбие жұмыс жоспары ұсынылған.

5. Білім беру ұйымының бағаланатын кезең үшін қосымша сабақтардың әзірленген және бекітілген (үйірме, секциялар бойынша) кестесі ұсынылған.

6. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру бойынша оқу жұмыс жоспары мен kundelik.kz, bilimclass.kz электронды журналы арқылы қаралды.

7. Бағаланатын кезекке ДККҚ қорытынды (үйден оқыту үшін) мен ДККҚ қорытындысы (инклюзивті оқыту үшін) ұсынылды.

8. Бағаланатын кезекке әзірленген және бекітілген вариативті компоненттің сабақ кестесі кестелері kundelik.kz, bilimclass.kz электронды журналы арқылы қаралды.

9. «Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсы игеру бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары кестелері kundelik.kz, bilim class электронды журналы арқылы қаралды.

10. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы игеру бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары кестелері kundelik.kz, bilimclass.kz электронды журналы арқылы қаралды.

9-қосымша білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету оның ішінде компьютерлер, оқу зертханалары оқу пәндері кабинеттері және техникалық оқу құралдары бар.

10-қосымша медициналық қызмет көрсету оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия бар.

11-қосымша «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы 2021 жылдың 5 тамызындағы № ҚР ДСМ 76 бұйрығы, санитариялық қорытындысы бар талапқа сай, мектептегі өрт қауіпсіздігі талапқа сай, мектепте бейне бақылаулар орнатылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалған.

12-қосымша Мектеп кітапханасы бойынша оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының тізбегі бар, интернет ресурсқа орналастырған.

Сонымен қатар қорытынды аттестаттауға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрықтары, емтихан өткізу кестесі емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары қаралды.

Kundelik.kz, bilimclass.kz электронды журналы арқылы қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың жүргізілуі және жылдық бағалардың шығарылуы қаралды.

#### **Мектепке дейінгі білім беру**

Мектеп алды сыныбының оқу жұмыс жоспары мен кестелері ҰІӘ кестелері ұсынылған (толық нұсқасы қосымша тігілді)

2 қосымша Тәрбиешілердің мамандықтары талапқа сәйкес келеді.

3 қосымша Мектепалды сыныбы бойынша тәрбиеленушілердің топқа жинақталуы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1 тарауының 7 тармағының талабына сәйкес келеді.

4 қосымша бойынша Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі төмен екендігі анықталды. Мектеп директорының 12.02.2024ж. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-не 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық тобын жабу туралы ұсынған №91 шығыс хатына «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-сі 22.02.2024 ж. №02.01/493 шығыс хаты негізінде мектепалды даярлық тобын жабуға келісім берген.

5 қосымша мектепалды кластарда білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің физикалық, интеллектуалдық және жеке дамуы үшін қажетті әдістемелік құралдармен, дидактикалық құралдармен жабдықталған. Мектепалды даярлық кластарының тәрбиеленушілеріне жұмыс дәптерлері ата-аналар демеушілігімен алынған.

### Қаулы

1. «№30 қазақ орта мектебі» КММ-нің сараптамалық комиссиясы жүргізген өзін-өзі бағалау туралы қорытынды анықтамасы қабылданып, анықталған кемшіліктер бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызмет көрсету сапасының деңгейі «жақсы» деп бағалансын. «30 қазақ орта мектебі» КММ директоры И.Амитжанованың 12.02.2024 ж. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-не 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық тобын жабу туралы ұсынған №91 шығыс хаты негізінде «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-сі 22.02.2024 ж. №02.01/493 шығыс хаты негізінде мектепалды даярлық тобын жабуға келісім берілді.
3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы ортабілім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызмет көрсету сапасының деңгейі «үлгілі» деп бағалансын.
4. Мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес құрамының алдында мектеп директорының есебі берілсін,
5. Өзін-өзі бағалау есебінің қорытындысы мектептің интернет-ресурсына жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы

Хатшы

И.Амитжанова

Ж.Е.Қожанова

